



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Зияткерлік меншікті лицензиялау



Зияткерлік меншік объектілерін лицензиялау халықаралық бизнес транзакцияларында кеңінен қолданылады. Зияткерлік меншік объектілерін лицензиялау әдісін көбіне АҚШ қолданады. Мысалы, АҚШ компаниялары Қытайдың компанияларына өз лицензиясын сатып, халықаралық нарықта өз тауарларының сатылуына мүмкіндік беріп, өздері де пайдаға кенеліп отырады.

Лицензиялаудың артықшылықтары. Компаниялар қосымша шығындарға ұшырамайды. Бірлескен кәсіпорын ашылған жағдайда ұйымдастырушылық жұмысты атқармайды және шығын шығармайды. Бұл әдіс халықаралық нарыққа шығудың ең тиімді жолы. Екінші артықшылығы – тәуекелдердің аз болуы. Үшінші – лицензиат тауар өндірілетін елдегі барлық заңдардың сақталуына жауапты.

Лицензиялау дегеніміз келісімшартты келісім. Лицензиар лицензияны беруші, ал лицензиат бұл лицензияны алушы. Зияткерлік меншікке ие лицензиар патентті, тауар белгісін, авторлық құқық немесе ноухауды лицензиатқа роялти арқылы пайдалануға рұқсат береді немесе сатады. Кейбір жағдайларда компаниялар арасында өтпелі лицензиялау әдісі қарастырылады. Бұл әдісті көбіне Қытай компаниялары пайдаланады. Технологияны лицензиялау тек қана лицензияны беріп қоймай, көптеген өкілеттіліктерді беруді талап етеді. Лицензиар лицензиатқа жұмыс істеу технологиясын, ноухау құпияларын беруге міндетті.

Лицензиялаудың кемшіл тұстары да бар: 1) Лицензиар құпия ақпарат, ноухау мен коммерциялық құпияларды бақылауды жоғалтады; 2) лицензиар үшін нарықтағы басымдығынан айырылу қаупі арта түседі; 3) тауар немесе қызметті тікелей экспорттауға қарағанда лицензиялау лицензиарға азырақ пайда түсіреді; 4) көлеңкелі нарықтың пайда болу қаупі арта түседі. Мысалы, АҚШ компаниясы Қытай компаниясына лицензиясын сатып, сол нарықта жұмыс істеуге мүмкіндік туғызды дерлік. Егер АҚШ Қытайға географиялық аумақ бойынша шектеулер қоймаса, Қытай компаниясы лицензиардың да нарығына шығып кетуі мүмкін.

Көлеңкелі нарыққа тыйым салу үшін Халықаралық сауда комиссиясының 1930 жылы қабылданған тарифтік заңының 337-бөліміне сәйкес арыздануға болады. Сонымен қатар, көлеңкелі нарыққа тыйым салу үшін АҚШ кеден қызметі халықаралық бизнес субъектілерінен авторлық құқық, тауарлық белгілер немесе патенттік құқықты тіркеуді талап етеді.

Кейс. Американдық «Farrel» компаниясы машина жасауға қажетті резеңке мен пластмассадан жасалатын өнім технологиясын Помини компаниясына лицензиялау арқылы береді. Келісімшартта үш талап қойылады, яғни Помини компаниясы тауарларды АҚШ, Ұлыбритания, Жапония аумағына сата алмайды. Екінші, дау-дамайлар туған кезде істі халықаралық арбитраж қарастыруы тиіс. Үшінші, халықаралық бизнес серіктестік аяқталған соң барлық технологиялар «Farrel» компаниясына қайтарылу керек болады. Жұмыс барысында шартта келісілген үш шарт орындалады. Алайда екі компания арасында іскерлік қатынас аяқталған соң 7 ай ішінде Помини компаниясы осы технологиямен автокөліктер шығара бастайды. «Farrel» компаниясы Италия сотына және лицензияны берген Британ елінің сотына арызданады. Сотқа арыз берген соң 4 жылдан кейін «Farrel» компаниясы Американың халықаралық сауда бойынша комиссиясына арыз жазады. Наразылық жазылғаннан кейін, бұл істі халықаралық арбитраж қарау керек деп, істі тоқтатып қояды. Бұдан кейін «Farrel» компаниясы Американың сотына Комиссия шешімінің заңсыз екені туралы шағымданады. АҚШ соты Комиссия шешімін заңсыз деп таниды, себебі келісімде халықаралық арбитраж деп жазылғанымен, көлеңкелі нарық АҚШ аумағына енгендіктен істі қарауға Комиссия міндетті еді.

Лицензиялау арқылы жасалатын бизнес транзакцияларында дау-дамайларды болдырмас үшін, мына ережелерді білу керек: лицензиар лицензиат туралы ғана мәліметтерді емес, лицензиат тіркелген мемлекеттік заңнамалық жүйе туралы да зерттеулер жүргізуі керек, кей жағдайларда лицензиялауға үкіметтің рұқсаты қажет болады, кейбір елдерде роялти шегі белгіленеді, зияткерлік меншікке қатысты заңдарды ғана емес, пайданы репатриациялауды реттейтін заңнамаға да назар аудару керек. Көбіне лицензиялау мәселелері ұлттық заңдармен реттеледі. Лицензиялау алдында лицензиар міндетті түрде мына сұрақтарға жауап бере алатын заңдық сараптамалар жүргізуі керек: 1) қабылдаушы елде зияткерлік меншік құқықтарын тіркеу немесе қорғау үшін қандай рәсімдер қажет? 2) лицензиялық келісім шетелдік үкіметте тіркеледі ме? 3) бәсекелестікке қатысты қандай заңнамалық актілер бұзылуы мүмкін? 4) қабылдаушы елде басқа міндетті құқықтық нормалар бар ма? Лицензиялаудың кейбір өзгешеліктері



болады. Мысалы, авторлық құқық жаһандық негізде барлық мемлекеттерде танылады. Ал патент пен тауарлық белгілерде өзіне тән территориялық шектеулері болады. Тауарлық белгілерді қорғау жөнінде көптеген нормативтік актілер бар, ал қызметтік белгілерді қорғау жөнінде көптеген қиындықтар мен даулар туып жатады. Бұл белгі көптеген мемлекеттерде қорғалмайды. Лицензиялық келісім жасаған кезде мына нормаларды сақтау керек. Айталық, лицензиат мемлекетіндегі валюталық бақылау, өнім сапасына жауапкершілік туралы заңдар, бәсекелестікті реттеу туралы заңнама, салықтық реттеу және роялти мен дивидендтерді қайтаруға қатысты шектеулер.

Авторлық құқықты лицензиялау кезінде эксклюзивті лицензия. Эксклюзивті лицензия бойынша автор өтінішті жазбаша түрде жазып немесе қол қойып жіберуі керек. Ал эксклюзивті емес лицензия кезінде лицензиар өз еңбегінен үзінділерді пайдалану үшін Creative Commons стилі тұрады.

Лицензиялау туралы келісімдерде мына ережелер болуы тиіс: лицензияны беру туралы ереже, эксклюзивті емес келісімшарттарда мейлінше тиімді жеңілдікті қарастыру туралы ереже, лицензияның географиялық таралуына қатысты ереже, лицензиар мен лицензиат арасындағы бәсекелестік туралы ереже, кері қайтару туралы ереже, роялти жөніндегі ереже, лицензияның тиімді пайдалануы үшін бар күш-жігерді салу ережесі және құқықбұзушылықтың алдын алу және онымен күресу туралы ереже.

Кейс. «Abbott Laboratories» компаниясы «Diamedix» компаниясынан патент алды, яғни өмірбақилық құқыққа ие болды. Осы компанияның сатып алған патентін пайдаланып, Орто компаниясы осы технология бойынша тауар өндіріп, сата бастайды. Бұл жағдайда «Abbott Laboratories» компаниясы аймақтық сотқа арызданады, Орто компаниясы өзінің патентін заңсыз пайдаланып жүр деген жала жабылады. Аймақтық сот істі қарау барысында «Abbott Laboratories» компаниясын жәбірленуші деп қарастырады. Ал Жоғарғы сот «Abbott Laboratories» компаниясын үшінші жақ ретінде, ал жәбірленуші кейпінде «Diamedix» компаниясын қатыстыру керек деген шешім қабылдайды.

Брендті қорғау жөніндегі қызметтер. Қытайда бренд иегерлерін қорғау қызметін жеке тергеушілер мен полиция қызметкерлері жүзеге асырады. Мысалы, Rolex компаниясының сағатын алу үшін тұтынушылар түпнұсқаны алуға тырысады. Себебі, бұл бренд өте танымал.